

Актымбаева Б.И.
**Шалқар ауданында
емдік-сауықтыру туризмін
ұйымдастыру**

Мақалада Ақтөбе облысының Шалқар ауданында емдік-сауықтыру туризмін ұйымдастыруға байланысты материалдар ұсынылды. Зерттеліп отырған өңірдің бірегей табиғи емдік ресурстары қарастырылды. Шалқар ауданында кең таралған және бірегей табиғи емдік ресурстар орналасқан, оларды жергілікті сауықтыру кәсіпорындарында белсенді пайдаланады. Бұл шипажай-курорттық ұйымдар адам сырқатын емдеу мен профилактикасы кезінде көп бейінділігімен сипатталады. Ақтөбе облысының шипажай-курорттық кешені бәсекелестік артықшылықтарға ие: бірегей табиғи емдік ресурстардың болуы, түрлі табыс деңгейі бар тұлғалар үшін баға критерийі бойынша шипажай-курорттық қызметтердің қол жетімділігі, жүктеме коэффициентінің оң динамикасы, өз шығынын өзі өтеу қағидатының орындалуы, іскерлік белсенділік көрсеткіштерінің оң динамикасы, жоғары білікті кадрлардың болуы. Мақалада курорттық орындарды, курорттық ем алуды, анимациялық-бос уақытты өткізу қызметтерін ұйымдастыруға ерекше мән берілді.

Түйін сөздер: емдік-сауықтыру туризмі, курорттық орын, табиғи емдік ресурстар.

Akymbaeva B.I.
**Organization of curatively-health
tourism in Shalkar district**

The materials related to organization of curatively-health tourism in the Shalkar district of Aktobe area are presented in train aid. The unique natural curative resources of the investigated region are examined. In the areadistrictthere are widespread and unique natural curative resources that is actively used on the local enterprises of making healthy. For these sanatorium-resort organizations the multi-fieldness is characteristic at treatment and prophylaxis of diseases of man. The sanatorium-resort complex of the Aktobe area of region possesses competitive edges, such as a presence of unique natural curative resources, availability of sanatorium-resort services in a price criterion for persons with the different level of income, positive dynamics of load factor, implementation of principle of self-repayment, positive dynamics of indexes of business activity, presence of highly skilled shots.In the article, the special attention is spared to organization of resort place.

Key words: Curatively-health tourism, resort place, natural curative resources.m

Актымбаева Б.И.
**Организация лечебно-
оздоровительного туризма в
Шалкарском районе**

В статье представлен материал, связанный с организацией лечебно-оздоровительного туризма в Шалкарском районе Актюбинской области. Рассматриваются уникальные природные лечебные ресурсы исследуемого региона. В Шалкарском районе находятся распространенные и уникальные природные лечебные ресурсы, которые активно используются на местных предприятиях оздоровления. Для этих санаторно-курортных организаций характерна многопрофильность при лечении и профилактике заболеваний человека. Санаторно-курортный комплекс Актюбинской области региона обладает конкурентными преимуществами, такими как наличие уникальных природных лечебных ресурсов, доступность санаторно-курортных услуг по ценовому критерию для лиц с различным уровнем доходов, положительная динамика коэффициента загрузки, выполнение принципа самокупаемости, положительная динамика показателей деловой активности, присутствие высококвалифицированных кадров. В статье особое внимание уделяется организации курортного места, курортного лечения, анимационно-досуговым услугам.

Ключевые слова: лечебно-оздоровительный туризм, курортное место, природные лечебные ресурсы.

ШАЛҚАР АУДАНЫНДА ЕМДІК-САУЫҚТЫРУ ТУРИЗМІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Кіріспе

Қазақстанның туристік саласы елдің экономикалық дамуында приоритетті деп белгіленеді. Алайда, қазіргі таңда елдің көптеген өңірлері туризм жағынан төмен игерілген, сонымен бірге Ақтөбе облысы да. Металлургия және химия өнеркәсібі кәсіпорындарының қызметтерінен туындаған күрделі экологиялық жағдай осы өңірде халықаралық туризмді толыққанды дамытуға мүмкіндік бермейді. Сонымен қатар облыс рекреациялық сұранысты туғызатын әлеуметтік-экономикалық дамудың жоғары көрсеткіштерімен сипатталады, жан-жақты зерттеуді, бағалауды және рационалды пайдалануды талап ететін едәуір туристік-рекреациялық әлеуетке ие.

Бастапқы мәліметтер және зерттеу әдістері

Зерттеудің фактологиялық негізі болып статистика және талдау жөніндегі статистикалық мәліметтер, ҚР ресми туристік порталының материалдары, ғылыми зерттеулердің, конференциялар мен семинарлардың материалдары табылады. Зерттеу үдерісінде жүйелік талдау әдістемесі, туристік салаға бейімделген жиынтық сұранысты және талап етілмеген өнімдердің тәуекел факторларын талдау, құрылымдық талдау әдістері, әлеуметтік зерттеулер қолданылды.

Нәтижелері және талқылау

Емдік-сауықтыру туризмі тұрақты тұру орнынан тыс адамның бос уақытында физикалық, рухани және интеллектуалдық күшін қайта қалпына келтіруге және дамытуға арналған приоритетті сала болуда. Алайда, тұрақты тұру орындарында да қысқа мерзімді демалыс үшін қолайлы жағдайларды құру қажет. Емдік-сауықтыру туризмі адам денсаулығымен байланысты маңызды профилактикалық функцияларды орындайды, мемлекет үшін табыс алудың тұрақты өсіп тұрған көздерінің бірі болып табылады, қоғамның тұрақты дамуына елеулі үлес қосады.

Біздің өркениетіміздің дамуының қазіргі технократиялық жолдарының апатталығын және жаңа балама жолға «ауысу»

қажеттілігін жете түсінген Қоршаған орта және даму жөніндегі халықаралық комиссия осы жолды «тұрақты даму» деп атауды ұсынды. Халықтың өмір сүру сапасын перспективті жақсартуға бағытталған даму приоритетті болуда. Өмір сүру сапасының негізгі көрсеткіштерінің біріне халық денсаулығының деңгейін, өмір сүру ұзақтылығын анықтайтын көрсеткіштер және ұлт денсаулығына қатысты басқа да көрсеткіштер жатады. Сәйкесінше, туризмнің сауықтыру функциясының рөлі үлкен мәнге ие болып тұр.

Әлемдік масштабта емдік-сауықтыру туризм – туризмнің маңызды және серпінді дамып тұрған түрінің бірі екенін атап өткен жөн. Мәселен, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) болжамы бойынша 2022 жылға қарай емдік-сауықтыру туризмі сауықтыру саласымен бірге әлемдік жетекші салалардың бірі болады [1].

Ақтөбе облысында курорттық желілерді дамыту аясында Ақтөбе қ. қала маңынан өзге Шалқар жері практикалық қызығушылыққа ие.

Қазіргі Шалқар ауданы Ақтөбе облысының оңтүстік-шығысында, Арал экологиялық аймағында орналасқан және облыстың шалғай орналасқан аудандарының бірі болып табылады.

Шалқар ауданы аумағының жер көлемі 61,85 мың ш.км құрайды. Аудан Өзбекстанмен, Қызылорда облысымен және Ақтөбе облысының Байғанин, Мұғалжар, Ырғыз аудандарымен шекаралас.

Аудан аумағының 1 ш. м орташа алғанда 0,8 адамнан келеді. Жергілікті әкімдіктер аудан орталығынан 18-220 км қашықтықта орналасқан. Аудан орталығы Шалқар қаласы облыс орталығы Ақтөбе қаласынан 365 км қашықтықта орналасқан.

Аудан аумағында ұзындығы 49 километрден (Текелі) 195 км дейін (Шетырғыз) жер үстінен 15 өзен ағады, сонымен қатар ағынды және ағынсыз сулармен 10 көл бар. Оның ішінде: ауданы 10 ш. километрден 23,4 ш. м дейін – ағынды көлдер. Шалқар көлінен басқа барлық көлдер – ащы көлдер.

1963 жылдан бастап ауданда емдік эффектісі бар Шалқар минералды суы өндіріледі.

Шалқар артезиан қабаты – Арал теңізінің солтүстігінде орналасқан жер асты суы бар аудан. Солтүстікте ол Мұғалжардан басталады және оңтүстікке Арал мен Үстіртке қарай созылады. Шалқар артезиан қабаттары екі су қабатынан тұрады, оның әр қабатының қалыңдығы 100-120 метр. Үстіңгі қабаты палеогендік, ал тө-

менгі қабаты – құм-бор негізінде. Үстіңгі (палеогендік) су қабаты 150-200 метр тереңдікте орналасқан, ал төменгі (бор) қабаты 300-600 метр тереңдікте. Су ағынының қуаты күшті. Қазылған ұңғымалардан су өздіген жер астынан бұрқақтап атқылайды [2].

Жоғарғы қабаттардан 1 күнде суды өндіру 100-150 ш. метрді құрайды, ал төменгі қабаттардан – 1000-2200 ш. метр. Шалқар артезиан ресурсының тұщы, сәл ащы суының қоры 300 ш.м. астам құрайды. Оның ішінде пайдаланатын жерлерді суаруға, халықты тұщы сумен қамтамасыз етуге 450-480 млн. ш. м. суды шығындалады.

Осы аумақтың өсімдік әлемі шөл шөптерінен тұрады: бетеге, бұйырғын, жусан және шала бұталардан: жыңғыл, жүзгін. Үлкен Борсық құмдарында ағашты өсімдіктердің бірегей жасанды көшеттері бар: қарағай, көктерек, жиде. Ағаштар ауданы 0,5 га дейін, биіктігі 10-12 м жететін шағын тоғайларда өседі. Өсімдіктердің ағашты-бұталы тұқымдарының ассортименті шектеулі, олардың сәнділігі төмен [3].

Шалқар қ. аумағын қазіргі көгалдандыру негізінен үй жанындағы учаскелерде отырғызылған ағаштардан, көше ағаштарынан, қоғамдық ғимараттардың учаскелеріндегі жас көшеттерден тұрады.

Аталған ауданның рекреациялық объектілері келесі нысандармен ұсынылады: 200 орынды «Біршоғыр» туберкулезге қарсы шипажайы, сонымен бірге Біршоғыр стансасында орналасқан тәуліктік – 60 орын, тек льготалық категориядағы балаларға ғана өз қызметін ұсынатын «Нұрсат» сауықтыру лагері.

Шалқар ауданының аумағында Шалқар аң аулау шаруашылығы орналасқан.

Қаланың жанында суының минералдылығы жоғары сорлар (көлдер) орналасқан. Олардың көбісінде жұқа сортаңды қабаттың астында жататын минералды балшықтар бар. Оны емдік максаттарда жергілікті тұрғындар кеңінен қолданады. Бұл көлдердің тұзды рапасын (су) түрлі концентрациядағы минералды ванналарды дайындау үшін қолдануға болады, ал лай балшықтарды – науқастарды балшықпен емдеу үшін.

Шалқардың негізгі емдік байлығы минералды су болып табылады. № 27 ұңғыманың минералды суы ең толық зерттелінген. Ол минералдылығы аз хлоридті-гидрокарбонатты-натрий суы болып табылады.

Қаланың маңайында құмның көптеп болуы, қажет болған жағдайда оны құм ванналары ретінде пайдалануға мүмкіндік береді. Емдеудің

мұндай түрін ежелгі дәрігерлер де қолданған. Біздің елімізде құм ванналарын кеңінен қолдану XIX ғасырдың 90-жылдары басталды. Қазіргі кезде олар табиғи (күн) немесе жасанды қыздыруы бар теңіз курорттарында қолданылады.

Құм ванналары жоғары температурада да белгілене береді (55-60 Цельсий градусы). Олар таза ауада ұйымдастырылғандықтан, ем алушылар құм ванналарын жеңіл көтереді. Құм ванналарын ілеспе ауруларды (артрит, невралгия, неврит және т.б.) емдеу мақсатымен бальнеологиялық курорттарда қосымша емдік құрал ретінде қолдануға болады.

Шалқар ауданында қымыз дайындау кеңінен таралған. Ол бие сүтінен дайындалады және өзінің құрамы бойынша сиыр сүтіне қарағанда адам сүтінің қасиеттеріне жақын.

Қымызды емдік құрал ретінде өткен заманнан бастап қолданғаны белгілі. Қымызбен емдеуді зерттеу тек XIX ғасырдың 70-жылдарында мүмкін болды, бұл кезде алғашқы қымыз шипажайлары ұйымдастырылған еді. Қазіргі уақытта қымыз арнайы мамандандырылған қымызбен емдеу шипажайларында кеңінен қолданылады (Қазақстан, Татарстан, Орынбор, Самара және басқа облыстар). Әсіресе қымыз туберкулезге шалдыққан науқастарға пайдалы әсерін тигізеді. Емдеудің бұл тәсілін жыл бойы қолдануға болады. Шалқарда қымызбен емдеуді көрсетілген жағдайларда қосымша емдік фактор ретінде пайдалануға болады.

Науқастарды емдеуде шұбатты қолдануға болады – түйе сүтінен дайындалатын сусын.


Шалқарда шипажай-курорттық емдеудің көмекші әдістері болуы мүмкін: сумен емдеу (ылғалды орау, душтар, ванналар), механотерапия (массаж, жүрумен емдеу, гимнастика), емдік дене шынықтыру, электрмен емдеу (гальвандау, фарадиздеу, ультрадыбыс, лазерлік және магниттік терапия және т.б.), психикалық терапия, диеталық терапия, фармакотерапия, шөппен емдеу және т.б.

Қалада науқастардың демалысы мен мәдени көңіл көтеруі үшін пайдалануға болатын мәдени-тұрмыстық мекемелер (театр, кинотеатр, телевидение, тұрмыстық қызмет көрсету комбинаты және т.б.) бар. Осылайша, Шалқарда ас қорыту жүйесінің, бүйрек пен несеп шығару жолдарының ауруларын, буын, бұлшықет, жүйке тамырларының шеткі жүйесінің, зат алмасу, гинекологиялық, урологиялық және тері сырқаттарын емдеу үшін климаттық-бальнеологиялық және құм-балшық курорттарын дамытуға мүмкіндік беретін едәуір тиімді емдік құралдар бар.

Аталған бейіндегі науқастарды жыл бойы емдеу қажеттілігіне Ақтөбе облысында жеткілікті саны бар. Ал егер, мұндай бай емдік мүмкіндіктер бірде бір курортта жоқ екенін ескерсек, онда Шалқарға Қазақстанның басқа облыстарынан және шетелден науқастарды емдеуге тарту ықтимал.

Курорттарды құрудың ең қолайлы ауданы – Шалқар қаласының маңы.

Қала бөктерлі-адырлы жазықта орналасқан (сурет 1) [4].



1-сурет – Курортты құруға арналған қолайлы аудан [4]

Сурет 1 көрсетілгендей, қала жанында Үлкен Борсық орасан зор құм массиві жазылып жатыр. Құм төбелерінің арасында теректер отырғызылған. Мұнда бірнеше реликті тоғайлар бар. Қаланың жанында Шалқар үлкен тұщы көлі және Селивановское ащы көлі орналасқан. Тұщы көлдің жағасында тоғай өсіп тұр. Жағажайы бар үлкен тұщы көл және жасыл тоғай науқастардың демалыс аймағы ретінде және жылдың жаз кезеңінде көптеген сырқаттар үшін су-климаттық емдеу орны бола алады. Ауданның климаты шұғыл континенталды және түрлі аурулары бар науқастарға климатпен емдеуді жүргізуге мүмкіндік береді.

Барлық демалыс және емдеу мекемелері локальды қызмет атқарады, мәдени-тұрмыстық, шаруашылық және инженерлік қызмет көрсетудің жалпы жүйесі жоқ. Әр емдеу мекемесі қосалқы-шаруашылық қызметтердің толық жиынтығын ұстауға мәжбүр, ал демалыс және емдеу мекемелерінің көбісінде олар бірыңғай кешенде емес, мекеме аумағы бойынша жан-жақта шашырап орналасқан. Мұның өзі емдеу орындарының санитарлық жағдайына және сәулеттік келбетіне теріс әсерін тигізеді.

Көп мекемелердің шағын сыйымдылығы сәулеттің, инженерлік жабдықтардың және абаттандырудың жоғары деңгейі бар ірі демалыс кешендерін әлі күнге дейін ашуға мүмкіндік бермейді.

Курорттық аймақ аумағында ұсынылатын жаңа құрылыс қамту керек:

Келесілерді қамтитын Курорттық аймақ құрылысы:

- курорттық мекемелер;
- кино-концерттік залдар (күн энергиясын пайдаланумен);
- спа-орталық (күн энергиясын пайдаланумен);
- стадион;
- спорт алаңдары;
- жабық жүзу бассейні (күн энергиясын пайдаланумен);
- жабық спорт залы (күн энергиясын пайдаланумен);
- кафе;
- боулинг-орталық, ауданы 200 м²;
- мейрамхана;
- сусындар галереясы (шұбат, қымыз).

Негіздеу

Курорттық кешендердің құрылысы қала құрылысы және курортологияның заманауи та-

лаптарына жауап беретін ірі сәулеттік ансамбльдерді құруға мүмкіндік береді. Бұл ретте медициналық және мәдени-бұқаралық қызмет көрсетуді мақсатқа сәйкес орталықтандыруға, сонымен қатар коммуналдық шаруашылықты, инженерлік жабдықтауды тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік пайда болады. Едәуір күрделі қаржы жұмсалымы және әсіресе эксплуатациялық шығындар азаяды. Курорттарды кешендермен салу бағалы курорттық аумақтарды аса тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Курорттық-сауықтыру мекемелерінің кешендерін құру курорттарда, демалыс және туризм орындарында жекелеген мекемелердің құрылысын жүргізумен салыстырғанда зор артықшылықтарға ие.

Қазіргі жағдайда туризм әлемдік экономиканың серпінді дамып тұрған секторы және валюталық түсімдердің тиімді көзі болып табылады. Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында атап өтілді: «Біз бәсекеге қабілетті экономиканың үлгісін таңдай отырып, бәсекелестікке қарымы мол басым салаларды дамытуға кірістік, сол арқылы қазақстандық кластерлер жүйесінің дамуына жол аштық». Әлемдік тәжірибемен куә болғандай, қызметтің осындай басымды саласының қатарына туристік шаруашылық та жатады.

Дәл сондықтан, шипажай-курорттық істі дамыту, еліміздің шипажайлары мен курорттарын жақсарту мен жетілдіру – мемлекеттің әлеуметтік саясаты облысындағы маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Маңызды міндеттерді шешуде емдік-сауықтыру функцияларын орындайтын, дене және рухани күштерді қалпына келтіру және нығайтуға деген адамның қажеттіліктерінің негізгі спектрін сипаттайтын емдік туризм елеулі рөл атқарады.

Қорытынды

Емдік және белсенді туризм арқылы сауықтыру – адамның өндірістік, өндірістік емес қажуын және жалпы халықтың қажуын түсіру, болдырмау мәселелерін шешу жолдарының бірі. Дені сау адамдар – дене және психикалық саулығы – елдің даму, гүлдену негізі және кепілі болып табылады және Қазақстан да осы ұстанымда. Осыған байланысты сау дерлік адамдардың денсаулығын сақтау және сауықтыру бойынша шараларға кірісу керек. Ал бұл шипажай-курорттық шаруашылық мекемелерінің бірінші кезектегі міндеті болып табылады. Сауатты әрі тиімді дамыту

жағдайында емдік-сауықтыру және белсенді туризм қазіргі әлеуметтік-экологиялық дағдарысты шешуде маңызды рөл атқара алады. Ол табиғатты және дәстүрлі мәдениетті қорғау мен сақтауға септігін тигізеді. Туризмнің осы секторындағы өсіп тұрған сұраныс жергілікті бірлестіктер үшін жаңа қызмет жүргізу аясын құруға әкеледі.

Әдебиеттер

- 1 Боголюбов В.С. Организация специальных видов туризма. – М.: СПб ГИЭУ, 2012. – 216 с.
- 2 Назарчук М.К., Назарчук Л.Н. Проектирование сети ООПТ Актыубинской области // Степной бюллетень. – 2010. – № 30. – С. 9–14.
- 3 Левыкин С.В., Чибилев А.А., Казачков Г.В. Проблемы восстановления зольных степных экосистем на постцелинном пространстве России и Казахстана // Степной бюллетень. – 2013. – № 37. – С. 5–8.
- 4 Схема развития и размещения туристских баз на территории Казахской ССР до 2000 года. – Алма-Ата: ГГПИ «Казгипроград», 1983. – 250 с.

References

- 1 Bogolyubov V.S. Organizaciya special'nyh vidov turizma. – M.: SPb GIEHU, 2012. – 216 s.
- 2 Nazarchuk M.K., Nazarchuk L.N. Proektirovanie seti OOPT Aktyubinskoj oblasti // Stepnoj byulleten'. – 2010. – № 30. – S. 9–14.
- 3 Levykin S.V., Chibilev A.A., Kazachkov G.V. Problemy voostanovleniya zolnal'nyh stepnyh ehkositme na postcelinno prostranstve Rossi i Kazahstana // Stepnoj byulleten'. – 2013. – № 37. – S. 5–8.
- 4 Skhema razvitiya i razmeshcheniya turistskih baz na territorii Kazahskoj SSR do 2000 goda. – Alma-Ata: GGPI «Kazgiprograd», 1983. – 250 s.